Аумақтық орган 10 күндік мерзімде олардың облыстық атқарушы органның карауындағы орман иеленушілерге берілуін қамтамасыз етеді. Ағаш кесу мен орман билеттерінің бланкілерін бере отырып аумақтық орган босатылған бланкілер санына екі дана етіп тауар құжаттамасын жазады, олардың біреуі алушыға - орман иеленушіге беріледі, ал екіншісі аумақтық органның іс қағаздарында қалады.

13. Ағаш кесу мен орман билеттері бланкілерінің кірісі мен шығысын есепке алуды 1-қосымшаға сәйкес Қатаң есептілік бланкілерін есепке алу кітабы бойынша орман иеленушінің бухгалтерлік есеп қызметі жүргізеді.

Орман пайдаланушыларға нақты берілген және бүлінген ағаш кесу мен орман билеттерінің бланкілерін орман иеленушінің есебінен шығару 2-қосымшаға сәйкес осы бланкілердің Кірісі мен шығысы туралы есептеменің негізінде жүргізіледі.

14. Орман пайдаланушыларға беру үшін жұмсалған ағаш кесу мен орман билеттерінің бланкілерін орман иеленуші шығысқа - қатаң есептілік бланкілерін

есепке алу кітабында нөмірлерін, берілген күнін және кімге берілгенін көрсете отырып, билеттің әрбір комплектісін жеке-жеке шығарады.

Жарамсыз болып қалған бланкілер бір бұрышынан екіншісіне қиғаш сызық тартылып, қатаң есептілік бланкілерін есепке алу кітабы бойынша шығысқа шығарылып, жеке папкада сақталады.

15. Орман пайдаланушылармен барлық есеп айырысу аяқталғаннан кейін ағаш кесу мен орман билеттерінің үшінші данасы сақтау және қатаң есептілік бланкілерін есепке алу кітабына оның пайдаланылуы туралы белгі қою үшін орман иеленушінің бухгалтерлік есеп қызметіне тапсырылады.

Бухгалтерлік есеп қызметі ағаш кесу мен орман билеттері бойынша есеп айырысулардың аяқталғанын тексереді және осыдан кейін ғана оларды сақтауға қ а б ы л д а п а л а д ы .

Бухгалтерлік есеп қызметі сақтауға қабылдап алған ағаш кесу мен орман билеттері оларға қатысты барлық материалдармен және құжаттармен бірге нөмірлер ретімен "200\_\_\_ жылғы ағаш кесу мен орман билеттері" деген атаумен а р н а й ы і с к е т і г і л е д і .

Іске тігілген ағаш кесу мен орман билеттері мен оларға қоса тіркелген материалдарға тізілім жасалып, ол жылдың аяғында тігіледі.

Бухгалтерлік есеп қызметі сақтауға қабылдап алған ағаш кесу мен орман билеттері оларға қатысты барлық материалдармен және құжаттармен бірге 5 жыл бойы сақталады, содан кейін жойылады. Ағаш кесу мен орман билеттерін жоюды орман иеленушінің басшысы тағайындайтын комиссия жүргізеді.

16. Жыл аяқталғаннан кейін бланкілерді есепке алу кітабында ағаш кесу мен орман билеттерінің қалдығы есептен бөлек шығарылады. Аяқталған жылдың соңындағы бланкілердің қалдығы келесі жылға көшіріледі.

#### **4. Ағаш кесу мен орман билеттерінің бланкілерін беру және толтыру**

17. Ағаш кесу мен орман билеттерінің комплекттері бланкілердің үш данасын қ а м т и д ы :

біріншісі - орман пайдаланушыға беріледі, ол оны орман пайдаланудың аяқталуына дейін сақтайды және орман иеленушінің, уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының лауазымды тұлғаларының, ормандарға мемлекеттік бақылау жасау органдары және табиғат қорғауды бақылау органдары өкілдерінің талап етуі бойынша көрсетеді;

екіншісі - орманшылыққа жіберіледі, ол учаске беру, орман пайдалануға рұқсат беру үшін негіз болып табылады және орманшы оны куәландыру актісімен бірге орман иеленушіге тапсырады;

үшіншісі - орман иеленушіде қалдырылады, операциялары аяқталған және дайындалған сүректі, ағаш кесу орындары және орман пайдаланудың басқа да түрлерін қуәландыру актілері жасалған ол сақтау үшін орман иеленушінің бухгалтерлік есеп қызметіне тапсырылады.

18. Ағаш кесу орман билеттерінің бланкілері машинада басу құралдарының (компьютер, басу машинкасы) көмегімен толтырылады, ал олар болмаған жағдайда көкшіл немесе көк түсті сиясы бар қаламмен әрбір данасы ұқыпты түрде, жазулары анық жазылып және тап-таза күйінде толтырылады. Өшіруге және былғауға болмайды.

Ағаш кесу мен орман билеттерінің қолданылу мерзімі бойына оларға рұқсат етілген орман пайдалану түрін жүзеге асыруға қатысты қажетті қосымша жазбалар жазылуы, белгілер қойылуы және түзетулер енгізілуі мүмкін. Бұл жазбалар билеттің барлық даналарына қызыл сиялы қаламмен дер кезінде енгізіледі және берілген барлық даналарда бірдей болуы керек. Билет бланкілеріндегі барлық қосымша жазбаларға, белгілерге және түзетулерге орман иеленушісінің билет беру құқығы бар лауазымды тұлғалары қол қояды және мөрмен қуәландырылады.

19. Ағаш кесу мен орман билеттерін беру кезінде орман иеленушісі орман пайдаланушыны Өсіп тұрған сүректі босату ережесімен (ағаш кесу билетін беру кезінде), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 268 бұйрығымен бекітілген және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 18 қаңтарда N 3369 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесімен және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікпен таныстырады, бұл жөнінде орман пайдаланушы билетке қол қояды. Қараңыз. V116840

Ағаш кесу немесе орман билеттері берілген күннен бастап орман пайдаланушыға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелері оның қорғауына тапсырылған болып есептеледі.

20. Өз мұқтажы үшін тегін орман пайдаланудың белгіленген нормалары шегінде жабайы жемістер, жидектер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар және басқа да тағам ресурстарын, дәрі-дәрмектік шикізат (Қызыл кітапқа енгізілген мен құрамында есірткі заттар бар өсімдіктерден басқа) жинайтын жеке тұлғаларға, сондай-ақ өздеріне белгіленген тәртіппен бөлінетін қызмет бабындағы жер үлестерінде шөп шабу, мал жаю, бақша өсіру үшін мемлекеттік орман күзеті қызметкерлеріне орман билеттері берілмейді.

## 5. Ағаш кесу билетінің бланкілерін беру және толтыру ерекшеліктері

21. Ағаш кесу жұмыстарын жүргізуге ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға онда орман иеленушімен келісілген кеспеағашты игерудің технологиялық картасы болған жағдайда беріледі.

22. Ағаш кесу билеті қолданылатын мерзім ішінде оған қажет болуына қарай: дайындалған ағаш материалдарын тасып әкетуге рұқсат беру, дайындау мерзімін кейінге қалдыруға рұқсат беру туралы, ағаш кесу билеті бойынша орман пайдалану құқығының ауысуы туралы және басқа да жазбалар жазылуы және белгілер қойылуы мүмкін.

Ағаш кесілген жерді және дайындалған сүректі куәландыру актісі дайындалған ағаш материалдарын тасып әкетуге рұқсат беру үшін негіз болып табылады.

23. Ағаш кесу билетінің бланкісі былай толтырылады:

"Пайдалану түрі" деген жолда басты, аралық, өзге де мақсаттарда ағаш кесу көрсетіледі немесе жанама ағаш ресурстарын дайындаудың нақты түрі жазылады.

"Кесу тәсілі" деген жолда: жаппай, іріктеп, біртіндеп, ерікті-іріктеп, бірлі-жарым ағаштарды кесу көрсетіледі.

Орманды баптап-күту мақсатында ағаш кесуге ағаш кесу билетін жазып берген кезде "іріктеп" деген сөзден кейін ағаш кесудің түрін (жарықтандыру, тазарту, сирету, өтпелі кесу, санитарлық мақсатта кесу) көрсету қажет, ал басқа мақсаттарда ағаш кесу түрлеріне ағаш кесу билетін жазып берген кезде - ағаш кесу тәсілінен (жаппай, іріктеп) кейін кесудің нысаналы мақсаты көрсетіледі (санитарлық мақсатта кесу, өтімді үйінділерді жинау, электр желісін тартуға жол аршу, құрылыс салуға алаңқайлар тазарту, зерттеу жұмыстары кезінде нысаналар жасау және өзге де мақсаттар үшін). Жанама ағаш ресурстары дайындалған жағдайда ол жолға сызықша қойылады.

"Есепке алу тәсілі" деген жолда: жер көлемі бойынша, кесуге белгіленген ағаштардың мөлшері бойынша және дайындалған ағаш материалдарының немесе жанама ағаш ресурстарының саны бойынша есепке алу тәсілі көрсетіледі.

Түбірімен босатылатын сүректі есепке алу кесу тәсілдеріне байланысты: жер көлемі бойынша - жаппай кесудің барлық түрлерінде, сондай-ақ өтімді үйінділерді жинау кезінде;

кесуге белгіленген ағаштардың саны бойынша - іріктеп кесу кезінде және сүректің 8 см және одан да жуан болған жағдайда; іріктеп санитарлық кесу және бірлі-жарым ағаштарды кесу кезінде;

дайындалған ағаш материалдарының мөлшері бойынша - егер кесуге жататын

сүректің қорын алдын ала анықтау мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі.

Шөпшектерде, қураған ағаштарда, құйын сұлатпаларында, жел сұлатпаларында жұмыс жүргізген жағдайда сүрек босату ағаш кесу билетінде дайындалатын сүректің дәл мөлшері көрсетіле отырып жүргізіледі.

Босатылатын сүректің мөлшері есепке алудың барлық түрлерінде тығыз текше метрлер бойынша айқындалады. Сексеуіл сүрегін босатқан кезде оның массасын тоннамен есептеуге рұқсат етіледі.

Жанама сүрек ресурстарын босату әдетте мынадай өлшем бірліктерін қолдана отырып, олардың мөлшері бойынша есепке алынып жүргізіледі:

тонналар - шайыр, ағаш шырындары, қабығы, жапырақтары, бүршіктері үшін (килограммен есептеледі);

қоймалық текше метрлер - кесілген ағаш қалдықтары, түбірлер, тамырлар, қурайлар, бұтақты жем, қылқан жапырақты ағаш бұтақтар үшін;

даналар - жіңішке ағаштар мен қурайдан, тал шыбықтарынан, сондай-ақ жаңа жылдық шыршалардан дайындалатын ұсақ сортименттер үшін.

24. Ағаш кесу билетінің мәтіндік бөлігінде "негізінде" деген сөзден кейін ағаш босатудың негіздемесі көрсетіледі.

Мемлекеттік орман иеленушілер бойынша ағаш кесудің жыл сайынғы көлемін бекіту туралы уәкілетті органның бұйрығы ағаш босатуға негіз болып табылады.

"Рұқсат етіледі" деген сөздерден кейін орман пайдаланушының толық атауы, оның салық төлеуші ретінде тіркелу нөмірі және оның заңды мекен-жайы көрсетіледі.

"200 \_\_\_\_ жылдың кеспеағаш қоры есебінен кесілсін" деген жолда кеспеағаш қоры бөлінген жыл, сондай-ақ қай орманнан (өсіп тұрған, қураған, өрттен, зиянкестерден зақымданған, жел құлатқан және басқалар) ағаш кесуге рұқсат етілгені көрсетіледі.

"Тасымалдау қашықтығы" деген жолда кеспеағаштан жалпы жұрт пайдаланатын жолға дейінгі қашықтық көрсетіледі, ол кеспеағаш орталығынан жолға дейінгі ең қысқа қашықтық бойынша картографиялық материалдармен анықталады және "Түбірімен босатылатын сүрек үшін базалық төлем ставкаларын, Орман пайдалану ақысын есептеу және бюджетке енгізу ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" (бұдан әрі - Базалық төлем ставкалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 431 қаулысына сәйкес жергілікті рельефке байланысты түзетіледі. Қараныз K080000099

"Мемлекеттік орман қорының санаты" деген жолда мемлекеттік орман



қорының санаттары: ерекше қорғалатын орман аумақтары, қала ормандары мен орман парктері, жасыл аймақтар, эрозияға қарсы ормандар, егістік пен топырақ қорғайтын ормандар және басқалары көрсетіледі.

25. Ағаш кесу билетінің мәтіндік бөлігіндегі кестеде мыналар көрсетіледі: гектардың оннан бір бөлігіне дейінгі дәлдікпен кеспеағаштар көлемі гектармен, сондай-ақ шаруашылық (қылқан жапырақты, қатты жапырақты немесе жұмсақ жапырақты) көрсетіледі. Қажет болуына қарай шаруашылық басты тұқым бойынша: қарағай, шырша, сексеуіл, тал және басқа да шаруашылықтар деп көрсетілуі мүмкін;

"Өскіннің сақталуын қамтамасыз ету" деген бағандарда өскін және кеспеағашты бөлу кезінде жүргізілген есепке сәйкес 1 гектарға шаққанда мың данадағы өскін саны сақталуға тиіс алқап;

"Тығыз текше метрмен алғанда сүрек көлемі" деген бағандарда босатылатын бір текше метр дәлдікпен босатылатын сүрек көлемі;

"Теңгемен ставка бойынша құны" деген бағандарда орман пайдалану үшін ақы мөлшері көрсетіледі, оны босатылатын өсіп тұрған сүректің көлемі және оның белгіленген базалық төлем ставкалары, шайыр, ағаш шырындарын, жанама ағаш ресурстарын дайындау көлемдері және белгіленген тәртіппен бекітілген олардың бағасы басшылыққа алына отырып есептелген кеспеағаштың материалдық-ақшалай бағасының негізінде орман иеленуші анықтайды;

"Төленуге тиіс, теңге" деген бағанда төленуге тиіс сома көрсетіледі. Тегін босатылатын жағдайда бұл бағанда "тегін" деп жазылады.

Кесте әрбір кеспеағаш бойынша жеке-жеке толтырылады.

Ағаш кесу билеті екі немесе одан көп босатылатын бірліктеріне (кеспеағаштар немесе мөлдектер) жазылатын жағдайда кестенің соңында осы билетке енгізілген барлық босатылатын бірліктер бойынша жалпы қорытындысы шығарылады.

26. "Дайындалатын орман өнімдері үшін бюджетке төлемақы енгізу мерзімдері" деген жолда әрбір мерзім бойынша жарна төлеу күні мен оның мөлшері көрсетіледі.

Өсіп тұрған ағашты, шайырды, ағаш шырындары мен жанама ағаш ресурстарын босату кезінде (шамалы мөлшері бойынша немесе көлемі бойынша есепке ала отырып, сондай-ақ қателер анықталған жағдайда) дайындалған сүректің, шайырдың, ағаш шырындарының және жанама ағаш ресурстарының жалпы мөлшері ағаш кесу билетінде көзделген мөлшермен (көлеммен) сәйкес келмеген жағдайларда (егер дайындау онда көрсетілген жерлерде жүргізілген жағдайда) орман иеленушілер төлем сомасын қайта есептеуді және оны орман пайдаланушылардың қайта есептеу кезінде анықталған нақты дайындалған көлем үшін төлеуін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда қосымша есептелген соманы орман

пайдаланушылар кезекті төлем жасау мерзімінде бюджетке енгізуі тиіс.

Орман иеленушінің өсіп тұрған ағашты босатумен айналысатын маманы ағаш кесу билеті жазылған күннен кейін, сондай-ақ орман пайдаланушылардың жеке шоттарына-карточкаларына тиісті жазбалар жазу үшін оған әрбір өзгеріс енгізілген күннен кейін ертеңнен қалдырмай оның үшінші данасын өзінің бухгалтерлік есеп қызметіне тапсырады. Бухгалтерлік есеп қызметінің аталған жазбаларды енгізуі туралы ағаш кесу билетіне белгі қойылады.

27. "Кесуге жатқызылмайды" деген жолда ағаш кесу ережесіне сәйкес кеспеағашта (мөлдекте) нақ қандай ағаштың кесілмейтіні, мысалы: \_\_\_\_\_ дана мөлшерде артықшылығы бар ағаштар, \_\_\_\_\_ дана мөлшерде тұқымдық ағаштар және жазылған ағаш кесу билеті бойынша кесуге арналмаған басқа да ағаштар, өскіннің сақталу пайызы және өзге де мәліметтер көрсетіледі.

28. "Дайындау мерзімінің аяқталуы" деген жол Өсіп тұрған ағашты босату ережесімен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген дайындау мерзімдеріне сәйкес толтырылады.

29. "Уақытша қойма орындары" деген жолда белгіленген тәртіппен ресімделген уақытша (аралық) қоймалар орналасқан орамдардың нөмірлері көрсетіледі.

30. "Тасып әкетуге рұқсат етіледі" деген жол былай толтырылады: сүрек босату кезінде алқабы ескеріле отырып, "Тасып әкетуге рұқсат етіледі" деген сөздердің алдынан "Дайындаумен бір мезгілде" деп жазылады;

сүрек босату кезінде мөлшері бойынша ескеріле отырып, "Тасып әкетуге рұқсат етіледі" деген сөздердің алдынан "дайындаумен бір мезгілде уақытша орман қоймаларына" немесе "дайындалған ағаш материалдарының мөлшері куәландырылғаннан кейін" деп жазылады;

сүрек босату кезінде өрттер, сондай-ақ дауыл құлату және жел сұлату зақымдаған епелердегі мөлшері бойынша ескеріле отырып, "Тасып әкетуге рұқсат етіледі" деген сөздердің алдынан "Дайындаумен бір мезгілде" деп жазылады.

31. "Тасып әкетуді аяқтау мерзімі" деген жол Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған ағашты босату ережесімен немесе басқа да нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген тасып әкету мерзімдеріне сәйкес толтырылады.

32. "Мерзімінен бұрын кесу рұқсат етіледі" деген жолда осы кесу рұқсат етілген күн, сондай-ақ мерзімнен бұрын кесуге рұқсат етілген сүректің мөлшері және қандай кеспеағаштарда (мөлдектерде) рұқсат етілгені көрсетіледі.

33. "Сүректің қабығын аршу, химиялық өңдеу мерзімі" деген жолда осы жұмыстар жүргізілуге тиіс мерзімдер қойылады.

34. "Кеспеағашты тазарту тәсілі" деген жолда жалпы алғанда ағаш кесу билеті бойынша, ал қажет болған жағдайда жекелеген мөлдектер немесе олардың бөліктері бойынша мынадай тазарту тәсілдерінің біреуі көрсетіледі:

ағаш кесу қалдықтарын шіріп кету немесе өрт жағынан қауіпсіз кезеңде кейіннен жағып жіберу үшін жатқан жерінде қалдырып, оларды үйіп қою немесе үзік-үзік жалдар етіп жинап қою;

бұл орман өсу жағдайларын жақсартуға жәрдемдесетін кезде ұнтақталған ағаш кесу қалдықтарын (ағаштың құрғақ түрлерінен басқа, жоңқа немесе ұзындығы 1 метрден аса қоймайтын кесінділер түріндегі) ағашы кесілген жерлерге шашып тастау;

ағаш кесу қалдықтарын тасымалдау жолдарына жинау және оларды сүйретіп тасу барысында нығыздау.

Кеспеағаштарды тазартудың атап көрсетілген әдістері аралас пайдаланылуы мүмкін.

Ағашы кесілген жерлерді тазартудың нақты тәсілдерін орман иеленушісі қолданылатын кесу ағаш тәсілін және оның өсу орнының жағдайларын және орманды қалпына келтіру ерекшеліктерін ескере отырып белгілейді.

Орман дақылдарын егу немесе өскінмен қалпына келтіру көзделген жаппай ағаш кесу орындарында кесу қалдықтары аралықтарындағы қашықтығы кемінде 20 метр болатындай етіп биіктігі 1-1,2 м қаз-қатар үйінділер немесе жалдар етіп жиналып, кейіннен олар жағып жіберіледі немесе шіру үшін қалдырылады.

35. "Кеспеағаштардағы игеру жұмыстарын бекітілген технологиялық карталарына сәйкес жүргізу" деген жолда ағаш кесу билетіне қоса тіркелген орман иеленушімен келісіліп, орман пайдаланушы бекіткен технологиялық карталардың нөмірлері мен күні көрсетіледі, олар ағаш кесу ережелеріне сәйкес әрбір кеспеағашқа жасалады.

Технологиялық картада орманды кесу және оны сүйретіп әкету, ағаш кесілген жерлерді кесу қалдықтарынан тазарту, орманды қалпына келтіру тәсілдері; алаңдарында өскін мен жас шыбықтар, күзет аймақтарымен бірге кесуге жатқызылмайтын ағаштар, құмырсқа илеулері сақталуға тиіс ағаш тасу жолдарының, бұрылыстарының, сүйрету жолдарының, тиеу алаңшаларының, қоймалар орналасқан орындардың, механизмдер орнатылған жерлердің және жұмысшыларға қызмет көрсету объектілерінің схемасы; топырақты эрозиядан қорғау және сүректің қалатын бөлігін сақтау жөніндегі талаптары көрсетіледі.

36. "Ерекше жағдайлар" деген жолда кеспеағаш жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері, сондай-ақ Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған ағашты босату ережесінде көзделмеген жағдайлар көрсетіледі, олар жайында билетке белгі қою қажет. Мысалы: шырыны жиналатын кезде қайыңды кесуге тыйым салынады; еменді маусымның 15-інен қыркүйектің 15-іне дейін кесуге

болмайды; экологиялық-орман өсіру талаптарын өскінді, жас талды және қалдырылуға тиіс сүректің бөлігін сақтауды, топырақты эрозиядан қорғауды қамтамасыз ететін көлемде экологиялық және орман өсіру талаптарын орындау; қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының түбірлерін қабығынан аршу және басқа да шарттарды орындау қажет.

37. "Дайындау мен тасымалдау мерзімін кейінге қалдыру туралы белгілер" деген жолда орман иеленуші басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, мөр басылған тиісті жазбалар енгізіледі.

38. "Ағаш кесілген жерлерді қуәландыру материалдары бойынша орманды қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар" бөлімі Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған ағашты босату ережесінде белгіленген мерзімде кеспеағаш қуәландырылғаннан кейін толтырылады.

"Орманның қалпына келуін қамтамасыз ететін өскіннің сақталуы" деген жолда орман дақылдарын егу шараларын жүргізбей немесе табиғи қалпына келуге жәрдемдеспей-ақ орманның қалпына келуін қамтамасыз ететін өскін сақталған алқап көрсетіледі.

Өскіннің сақталуы қамтамасыз етілмеген жағдайда "орман дақылдарын егу" және "табиғи қалпына келуге жәрдемдесу" деген жолдарда аталған іс-шаралардың талап етілетін көлемі жазылады.

"Мекеме басшысы" деген жолда орман иеленуші басшының қолы мен аты-жөні қойылып, мөрмен қуәландырылады.

## **6. Орман билетінің бланкілерін беру және толтыру ерекшеліктері**

39. Орман билеті бланкінің тиісті жолдарына орман пайдаланудың нақты орны (орманшылық, айналым, орамдар мен телімдердің нөмірлері) көрсетіліп, пайдаланудың әрбір түріне жеке жазылады.

40. "Негізінде" деген жолда мемлекеттік орман қоры учаскілеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендердің нәтижелері туралы хаттама жөніндегі шешім, аумақтық органның немесе уәкілетті органның орманды пайдалануға беру туралы шешімі келтіріледі.

41. "Рұқсат етілсін" деген жолда орман пайдаланушының атауы - жеке тұлғаның тегі, аты-жөні, оның салық төлеуші ретінде тіркелу нөмірі және заңды тұлға үшін мекен-жайы, салық төлеушінің тіркелу нөмірі және одан кейін орман пайдаланудың мынадай түрлері көрсетіледі:

орманды жанама пайдалану (нақты пайдаланылуы анықтала отырып);  
мемлекеттік орман қоры жерлерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін  
п а й д а л а н у ;

мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану; аң аулау объектілеріне жатпайтын жануарлар дүниесін, сондай-ақ жабайы жануарлардың пайдалы қасиеттері мен тіршілігінің өнімдерін шаруашылық мақсаттарда пайдалану (нақты пайдаланылуы анықтала отырып).

42. "Алқапта" және "мөлшерде" деген көрсеткіштер жолында алқабы гектармен және орман пайдалану бойынша тиісті деректер: көлемдері текше метрде, данада, тоннада, килограмда және басқалай көрсетіледі. Орман пайдаланудың алқабы мен көлемін анықтау кезінде ғылыми-негізделген нормалар және жергілікті өкілдік органдар бекітетін нормативтер ескеріледі.

43. "Такса бойынша құны" деген жолда орман пайдалану үшін белгіленген төлем сомасы (теңге) қойылады, ол:

орманды жанама пайдалану үшін - аумақтық органдармен келісілген облыстардың жергілікті атқарушы органдары жасаған есептер негізінде жергілікті өкілдік органдар белгілеген ставкалар бойынша;

мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда пайдалану, аң аулау объектілеріне жатпайтын жануарлар дүниесін, сондай-ақ жабайы жануарлар пайдалы қасиеттері мен тіршілігінің өнімдерін шаруашылық мақсаттарда пайдалану үшін - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес анықталады.

Көрсетілген пайдаланулар үшін төлемдерді бюджетке енгізу рұқсат беретін құжат алынғанға дейін жүргізіледі, онда төлем құжатының деректемелері көрсетіле отырып жүргізілген төлем туралы белгі жасалады.

44. "Ерекше жағдайлар" деген жолда орман пайдаланудың әрбір түрін жүзеге асыру кезінде сақтау қажет оған тән негізгі ерекшеліктер мен жағдайлар көрсетіледі. Мысалы, ұйымдасқан аңшылық шаруашылығы бар мемлекеттік орман қоры аумағында иттермен мал жаюға жол берілмейді; жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа да тағам өнімдерін дайындау мен жинау екпеағаштарға жидек, саңырауқұлақ өсетін жерлерге нұқсан келтірмейтін әдістермен жүргізілуі тиіс; Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктерді жинауға тыйым салынады; орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде уақытша құрылыстарды ғана тұрғызуға және өзге де жағдайларға рұқсат етіледі.

45. "Пайдалану мерзімі" деген жолда пайдалануды бастау мен аяқтаудың нақты күндері белгіленеді. Орман билеті бойынша пайдалану мерзімі негізінен 1 жылға (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) немесе бір маусымға (бал жинау, саңырауқұлақтар, жидектер және басқалар дайындау) белгіленеді, маусымның ұзақтығын жергілікті өкілдік органдар айқындайды.

46. Орман билетінде белгіленген орман пайдалану аяқталғаннан кейін Куәландыру актісі жасалады.

47. Орман иеленушісі ағаш кесу билетінің немесе орман билетінің бір данасын жоғалтқан жағдайда акт жасалады және жоғалған ағаш кесу немесе орман билеттерінің орнына билеттің көшірмелері жазып беріледі. Көшірмеде бұрынғы нөмірі қойылып, "Жоғалған билеттің орнына" деген жазба жасалады.

Ағаш кесу немесе орман билетінің пайдаланылмай қалып қойған даналары бір бұрышынан екінші бұрышына сызып тасталып, бүлінген бланкілермен бірге жеке папкада сақталады.

48. Орман пайдаланушы өзіне берілген ағаш кесу немесе орман билетін жоғалтып алған жағдайда ол орман иеленушіге оның көшірмесін беру туралы өтінішпен арыз жазды.

Мұндай жағдайларда көшірме жазып беру осы Ереженің 47-тармағында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

Қажет болған жағдайларда орман иеленуші басшысының рұқсатымен мүдделі ұйымдарға беру үшін немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша ағаш кесу мен орман билеттерінің көшірмелері алынуы мүмкін. Бұл көшірмелер кәдімгі ақ қағазда жасалады, билет бланкілерін осы мақсаттар үшін пайдалануға тыйым салынады.

Ағаш кесу мен орман билеттерін есепке алу, сақтау, толтыру және беру ережесіне 1-қосымша

\_\_\_\_\_ облысы бойынша  
200\_\_ жылы ағаш кесу және орман билеттері  
бланкілерін есепке алу

### КІТАБЫ

Мемлекеттік орман иеленуші \_\_\_\_\_

Бланкілерді алу және беру күні	Бланкілер кімнен және қандай құжат бойынша алынды	Бланкілер кімге берілді	Ағаш кесу билеттері			
			Кіріс		Шығыс	
			Сериясы және нөмірлері	Комплекттер саны	Сериясы және нөмірлері	Комплекттер саны

кестенің жалғасы

Орман билеттері	
Кіріс	Шығыс

Сериясы және нөмірлері	Комплекттер саны	Сериясы және нөмірлері	Комплекттер саны

Ағаш кесу мен орман билеттерін есепке алу, сақтау, толтыру және беру ережесіне 2-қосымша

-----  
 \_\_\_\_\_ облысы бойынша  
 мемлекеттік орман иеленуші  
 200\_\_ жылы ағаш кесу және орман билеттері  
 бланкілерінің кірісі және шығысы туралы  
**ЕСЕП**

	Ағаш кесу билеттері, комплект	Орман билеттері, комплект
01.01. 200__ ж. қалдық		
200__ ж. алынғаны		
200__ ж. жұмсалғаны		
01.01. 200__ ж. қалдық		
200__ ж. қажет		

Басшы  
 Қаржы бөлімінің бастығы